



Тиімді әдіс-тәсілдер – сапалы сабақ кепілі

ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ





Сканерлеп оқыту

Мақсат пен Асылжан есік алдында тиін ойнап жүр еді. Кенет алыстан біреу тиін айғайлады. Тиін. Кім екендігін тани алмады. Қуанған тиін Марат тиін жүгіріп келеді.

Жасырын сөзді іздеу арқылы, мәтінді еріксіз үстірт оқып шығады.





Ара әдісі

Ойын.

Ораз бен Асқар есік алдында ойнап жүр. Екеуі допты әрі тепті, бері тепті. Біраздан кейін ашық тұрған қораның есігін қақпа етіп алды. Енді допты соған дәлдеп ұрды. Бір кезде қатты тебілген доп қораның ішіне кіріп кетті. Ораз добын іздей бастады. Қараңғыда допты әрең тауып алды.

Сыртқа беттеген. Сол кезде шыға берісте тұрған шелекті қағып кетті. Ішіндегі сүт ақтарылды да қалды. Ораз не істерін білмей аңтарылып тұр.

- Қорықпа. Сүтті мысық төгіп кетіпті дейміз,- деді Асқар.

- Мен өтірік айтпаймын. Байқаусызда төгіп алдым деймін,- деді Ораз.



Пражскр әдісі

Ойын.

Ораз бен **Асқар** есік алдында ойнап жүр. Екеуі **допты** әрі тепті, бері тепті. Біраздан кейін ашық тұрған қораның есігін **қақпа** етіп алды. Енді допты соған дәлдеп ұрды. Бір кезде **қатты тебілген доп** қораның ішіне кіріп кетті. Ораз добын **іздей** бастады. Қараңғыда допты әрең **тауып** алды.

Сыртқа беттеген. Сол кезде шыға берісте тұрған **шелекті** қағып кетті. Ішіндегі **сүт** ақтарылды да қалды. Ораз не істерін білмей **аңтарылып** тұр.

- Қорықпа. Сүтті **мысық** төгіп кетіпті дейміз,- деді Асқар.

- Мен **өтірік** айтпаймын. Байқаусызда төгіп алдым деймін,- деді **Ораз**.

Қарлы кесек әдісі

Оқушылар кезек кезек қардың ішіндегі сұрақтарды алып оқып, сұрақтарға жауап береді.

Жүйелі сұрақ қоюға, сұраққа толық жауап беруге үйренеді. Дауыс ырғағын қойып оқуға төселеді.



АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ





Тақырып бойынша берілген уақыт ішінде ойларына келген сөздерді айтып шығады.

Тез, түсінікті сөйлеуге үйренеді, сөздік қорлары дамиды, ойлау қабілеттері артады.

Ортақ тақырып беріледі

Зуылдақ әдісі



Қарлы кесек әдісі

Оқушылар бір-біріне ак қағаз лақтыру арқылы сұрақтар қояды, жауап береді.

Жүйелі сұрақ қоюға, сұраққа толық жауап беруге үйренеді. Шапшаңдыққа төселеді.



Қабырғадағы рөл

Оқушылар мәтін бойынша түсінгендерін сұлба ішіне жазып шығады. Өзіне не түсініксіз, көкейінде қандай сұрақ туындады оны сұлба сыртына жазып шығады.



Оқушы мәтінді қызыға оқиды. Мәтіннен негізгі ойды табуға үйренеді. Мәтін туралы тереңінен ойлап, сұрақ қоюға дағдыланады.

Мәтінді пысықтау үшін қолдануға болады. Отырған оқырмандардан сұрақтар қойылады. Орындық үстінде отырған оқушы өз рөліне еніп жауап береді.

Оқушылар сөздерді байланыстырып сөйлеуге машықтанады, рөлге еніп ойлау қабілеттері артады, мәтіннің толықтай мазмұнын ашады.



Автор орындығы

Кейіпкер орындығы

Ыстық орындық

Эмоция кестесі

Шіркін...



Алақай!



Қап!



Оқушылар мәтіндегі негізгі оқиғаларға одағай сөздер жазады. Оқушылардың сөздік қорын дамытады, кейіпкерлердің көңіл-күйін анықтауға үйренеді.

Негізгі оқиғалар

Пікірлер сызығы

Оқушылар пікір білдіруге, дәлелдеуге
үйренеді.



ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУ




Қисынсыз мәтін

Белгілі уақыт ішінде берілген тақырып бойынша сөздер жазып шығады. Топтағы оқушылар кезекпен жазады. Нүкте, үтір де қояды. Оқыған кезде міндетті түрде интонация қойып оқу керек. Сонда қисынсыз мәтін шығады. Топтар бір-бірімен алмастырып, оқып, бір-бірімен байланысқа түскен сөйлемдер жазып, мәтін дайындайды.

Сөздік қорын дамытуға, жазылым дағдысына төселдіруге арналған әдіс


Дара диаграмма

Мәтіндегі идеяны н/е кейіпкерді зерттеу үшін қолданылады.



ҚОС


ДИАГРАММА



Мәтіндегі бірнеше ойды анықтап, ортақ іс-әрекеттерін табуға көмектеседі.





ВЕНН

ГРАММА



Мәтіндегі бірнеше кейіпкердің іс-әрекетін зерттеу үшін қолданылады.

ХИКАЯ КАРТАСЫ



ОҚИҒА ТАУЫ

Шарықтау шегі

Даму

Шешімі

Кіріспе



Зейиш қойып

пында аңдағыңызға

көп РАХМЕТ!!!